

«АСТАНА БАЛЕТ» ТЕАТРЫНЫҢ РЕПЕРТУАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚОЙЫЛЫМДАРДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

Қусанова Анипа¹

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы).

Бәкірова Самал²

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы).

Аңдатпа. Зерттеу Қазақстанда хореографиялық өнерді дамыту тұрғысынан «Астана Балет» театрының ұлттық спектакльдерінің маңыздылығына назар аударады. Зерттеудің мақсаты осы қойылымдардың мазмұнын талдау және отандық хореографтардың шығармашылығын салыстырмалы зерттеу болып табылады. Әдістер: Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін «Астана Балет» театрының тарихы мен дамуына байланысты ғылыми мақалалар мен бейнежазбаларды талдау әдісі пайдаланылады. Бұдан басқа, театрдың ұлттық репертуарының жаңа интерпретацияларын зерделеу және талдау көзделеді. Нәтижелері және талқылау: Зерттеуде жас хореографтардың шығармашылығына қазақ мәдениеті мен ұлттық философиясын қайта жандандыратын ұтымды хореографиялық тұжырымдамалар, бірегей би қимылдары мен заманауи тәсілдер кіреді. «Астана Балет» театры ұжымының бірегей қойылымдары бұл қозғалысты толықтырып, ұлттық хореографиялық өнерге жаңа бағыт беріп, өнер тарихында жаңа перспективалар ашады. Бірнеше қойылымды қатар алып талдау жасау, оның философиялық мәнін ашады және олардың құндылығын айқындайды. Зерттеу нәтижелері хореографиялық өнердегі ұлттық мәдениет пен қазақ биінің маңыздылығын, сондай-ақ осы өнерді сақтау мен дамытудағы «Астана Балет» театрының рөлін көрсетеді. Алынған қорытындылар Қазақстанның ұлттық хореографиясын одан әрі дамытуға және театр өнерін байытуға негіз бола алады, сондай-ақ өңірдің мәдени мұрасын терең түсінуге және құрметтеуге ықпал етеді. Зерттеу ұлттық хореографиялық өнердің шығармашылық күшін ғана емес, сондай-ақ оның Қазақстанның мәдени құндылықтарын сақтау мен ілгерілетудегі маңызды рөлін, шығармашылықтың ұлттық және әлемдік аудиторияны біріктіру және шабыттандыру қабілетін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері қазақ биі мен хореографиясының өнер тарихындағы алатын орны мен маңызды ерекшеліктері туралы мәліметтерге негізделгендіктен халықаралық дәрежедегі қызығушылық танытушылар үшін де пайдалы болуы мүмкін.

Түйін сөздер: Астана балет театры, ұлттық мәдениет, қазақ биі, хореография өнері, балетмейстер, театр, би философиясы.

Дәйексөз үшін: Кусанова, Анипа, және Бәкірова Самал. «Астана Балет» театрының репертуарындағы ұлттық қойылымдардың философиялық мәні». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 9, № 2, 2024, бб. 36–52. DOI: 10.47940/cajas.v9i2.876

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдеді.

Кіріспе

Би өнері сонау ықылым заманнан атадан-балаға жалғасын тауып келе жатқан өнер түрі. Ұлттық би өнерінің дамуы мәдени дәстүрлердегі, әдет-ғұрыптардағы және әлеуметтік дамудағы өзгерістермен тығыз байланысты. Биді сөзбен жеткізу мүмкін емес, бұл ішкі әлеммен және түйсікпен үйлесімді ерекше өнер. Бір қарағанда, бұл қозғалыстардың қарапайым үйлесімі сияқты көрінуі мүмкін, бірақ терең сезінетін адам үшін бұл нағыз өнер туындысы. Ежелгі дәуірден бастау алған қазақ халық би өнері халықтың бай дәстүрлерін, ауызша мұраларын, әндері мен әдет-ғұрыптарын бейнелейді. Бұл өнердің дамуының дәлелі ретінде көптеген тарихшылардың, этнографтардың және өнертанушылардың жұмыстарын мысал ретінде келтіре аламыз.

Сарынова Лидия Петровна, Шара Баймолдақызы Жиенқұлова, Дәурен Тастанбайұлы Әбіров, Ольга Всеволодская-Голушкевич, Ильяс Омаров, Айгүл Құлбекова, Ізім Тойған Оспанқызы, Айткалиева Қарлығаш Дайыргалиевна, Молдахметова Алима Талгатовна, Шанкибаева Алия Бахитжановна және т. б. орыс және еуропалық, сондай-ақ отандық зерттеушілер мен өнер майталмандары қазақ халық биін зерттеуге елеулі үлес қосты. Аталмыш ғалымдардың

жұмыстары өнердің бұл түрінің зерттеу әдістемесінің негізі болуда. Ғылыми зерттеулер қазақ халық биін қалыптастыру процесіне, опера және балет театрларының, сондай-ақ еліміздің мемлекеттік би ансамбльдерінің шығармашылығына негізделеді.

Ғалымдар өз зерттеулерінде биді адамның ішкі әлемін байытатын және жанын тазартатын құдыретті өнер ретінде сипаттайды. Әр сәтте қимылдардың таңғажайып ырғағынан ләззат алып, әсем музыканың әуенімен дөңгелене билемеу мүмкін емес. Би өнері басқа өнер түрлерінің арасында ерекше орын алады. Бұл көп қырлы аймақтың сипаттамаларының бірі ерекше нәзіктік пен сезімталдықты талап етеді. Бишінің әсем қимылдары мен сәнді ырғақтары үйлесетін би сәттері көрермендердің жүрегіне әсер етпей қоймайды. Тек шынайы талант көрермендерге ерекше сұлулық сыйлап, би шығармаларында музыканың сүйемелдеуімен көңіл-күйдің барлық реңктерін шебер бейнелей алады. Осындай талантты адамдардың күш-жігерінің арқасында елімізде сахналық бидің қарқынды дамуы байқалады.

Қазақстанның хореографиялық өнерінің дамуындағы жаңа кезең 2013 жылы құрылған және әлемдік деңгейде ұлттық би мен мәдениетті насихаттаушы «Астана балет» театры болды. Бұл ұйымның негізгі мақсаты — ұлттық би өнерін халықаралық сахнаға шығару

және Ұлттық қойылымдар арқылы Ұлы Даланың тарихы мен мәдениетін ашу. Жеті жыл ішінде «Астана балет» театры қазақ өнерінің бейнесі болды. Театр қойылымдары идеяларының философиялық маңызы және оның ұлттық сананы қалыптастырудағы рөлі ғылыми зерттеуге деген қызығушылықты арттырып отыр.

«Kazakh dance has ancient traditions, a unique genesis, specific formation and revival features. World science has opened and created universally accessible conditions for studying unique cultural phenomena of various ethnic groups» тұжырымдамасынан «Астана балет» театрының репертуарының мазмұны мен мәнін көреміз (Кульбекова 75).

Бұл ұжымның балетмейстерінің еңбектерінде адамның ішкі әлемінің көрінісі, оның адами мәнін түсіну, өмірдің рухани аспектілері мен қоршаған әлемнің көрінісі байқалады. Сонымен қатар, жаһандану жағдайында өнердің мақсаттарына ұлттық бірегейлікті сақтау, руханиятпен байытуға ұмтылу, әртүрлі мәдениеттермен байланыс және ұлттық бірегейлікті білдіру кіреді.

Би өнерінің көп қырлылығы әлеуметтік-тарихи және географиялық контексте сол халықтың мәдени болмысын анықтайтын шығармашылық өзара әрекеттесудің негізін құрайтындығында көрінеді. Адамдар арасындағы байланыстар негізінде қоғам өміріне жағымды әсер ететін және оның бірлігін қалыптастыратын материалдық-рухани өнер арқылы әлем мен адамды түсінуге ықпал ететін қатынастар қалыптасады. «Астана балет» театрының репертуарындағы қазақ би қойылымдары би арқылы ұлттық философияның әлемдік деңгейдегі көрінісін береді, осылайша би қимылдарының терең философиясымен және өзіндік ерекшелігімен өнертанушылардың назарын өзіне аударады. Оның қазақ халық биінің хореографиялық

лексикасын байытуға қосқан елеулі үлесі би өнерінің әртүрлі түрлерімен заманауи би пластикасын біріктіру болып табылады. Осыған байланысты, мақалада сахнадағы қойылымға енгізілген философиялық ойдың тереңдігін ашуға тырысамыз. Би философиясы, ұлттық үйлесімділік, балетмейстер идеясының көрінісі спектакльдің мазмұнында және киім үлгісінде көрініс береді.

Зерттеудің мақсаты «Астана балет» театрының репертуарындағы би және балет қойылымдарының философиялық мәнін айқындау.

Зерттеу мақсатына сәйкес келесі міндеттерді шешу көзделеді:

– «Астана балет» театрының репертуарындағы ұлттық көріністердің аспектілерін анықтау;

– «Астана балет» театрының шығармашылық ізденістеріндегі режиссерлардың ұлттық қойылымдарын зерттеудің әдіснамалық шеңберін сипаттау;

– жас балетмейстерлердің ұлттық қойылымдарының режиссерлік интерпретациясының ерекшелігін зерттеу және оның қазақ би өнерінің тарихындағы маңызын айқындау;

– «Серілер салтанаты», «Желтораңғы», «Жалынан жел ескен» би қойылымдарының және «Жусан» балетінің философиялық мәнін, мазмұнын ашу.

Зерттеу жұмысының сипаттамасы. Қазақ өнеріндегі жаңару ұлттық мәдениеттің заманауи талаптарға бейімделуіне негізделген. Бұл жаһандық тарихи-мәдени үрдістерге сәйкес әлемдік көркемдік тәжірибеден дәлелденген әдістемелерді қолдануға мүмкіндік береді. «Астана балет» театрының репертуары мен қазіргі заманғы режиссурадағы жаңашыл тәсілдер А. Мырзағұлованың диссертациялық жұмысында, Л. Укеева сияқты балет сыншылары мен зерттеушілерінің ғылыми мақалалары мен еңбектерінде қарастырылады. Ұжымның ұлттық балетті қоюдағы

алғашқы қадамы «Әлем» балетінен бастау алады. «Әлем» балетінің қоюшы балетмейстері — Никита Дмитриевский, композиторлар — Булат Гафаров, Арман Амар, либреттоның авторы — Бақыт Қайырбеков, сценограф — Леонид Басин, костюм бойынша суретші — Ася Соловьева, ою-өрнек авторы — Светлана Иванова. Сонымен қатар, қазақ халқының көшпелі өміріндегі бақсылардың рөлі бейнеленеді. Қазақ ұлттық балет өнерінің қазіргі заманғы би пластикасымен ұтымды ұштастырған қойылым 2014 жылы қойылған Мукарам Авахридін «Жусан» және «Ғашықтың тілі тілсіз тіл» балеттері. Балеттің мазмұнына ақын Бақыт Қайырбеков пен ұлы ақын-философ Абай Құнанбаев шығармашылығы арқау болған. «Әлем» балеті мифтер мен аңыздардан көрініс берсе, «Жусан» балеті қазақ халқының тарихи даму жолын бейнелейді. «Астана балет» театрының репертуарын зерделей келе зерттеушілер Жумасеитова Гульнара, Саитова Гульнара: «При анализе творчества хореографов театра «Астана Балет» необходимо учитывать, что, с одной стороны, они развиваются в рамках уже сформировавшихся балетных жанров (таких как лирические балеты, балеты-сказки, балеты-симфонии и др.), а с другой стороны, создают и разрабатывают принципиально новаторские стили, определяющие будущее хореографического искусства.» — деп қорытындылайды (Жумасеитова и Саитова 259).

Қазіргі Қазақстан өнеріндегі «адам мен әлем» қатынастарының философиялық шешімі Қазақстанда 90-жылдардың басында — contemporary art — XX ғасырдың феномені ретінде адам болмысына қатысты көрініс тапты (Халықов 13). Аталған тұжырымдама театрдың репертуарлық ерекшелігінде бейнеленеді. «Адам мен әлем» қатынасы «Әлем» балетінде айқын сипатталады. Ғалымдардың зерттеулері «Астана балет» театрының шығармашылық

дамуы қазіргі заман талаптарына бейімделуден және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін қозғалыстарды жетілдіруден басталғанын көрсетеді. Фольклорлық материалдарды негіз және шабыт ретінде қолдана отырып, халықтық-сахналық билерге арналған көркем бейнелер жасалды. Алайда таза этнографиялық тәсіл қазіргі заманғы сахна өнерінің қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алмады. Өнертану кандидаты, профессор Тойған Ізім: «Өнердің қандай да түрі болмасын дамуы жағынан алғанда фольклорлық, этнографиялық және халықтық өнер аясымен шектелуі мүмкін емес. Дәуір тынысына, өмір талабына ілесіп отыру, көрермен қауымның мәдени-эстетикалық талғамынан шығу өнер ұжымынан үлкен шығармашылық ізденістерді, көркемдік жинақылықты талап ететіні белгілі» — деп жазады (Ізім, 160). Аталған қойылымдардың барлығы сахналық декорацияның соңғы үлгідегі технологиялары арқылы ұсынылды.

Зерттеу әдістемесі

Қазақ халқының салт-дәстүріне тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық өнеріне байланысты ғылыми еңбектер ұлттық би қойылымдарының философиялық мәнін анықтауға жол ашты. Осыған байланысты зерттеу барысында қазақ халқының рухани мәдениетін зерттеген ғалымдардың еңбектеріндегі талдау әдістерін қолдандық; «Астана балет» театрының ұлттық қойылымдарына сараптау әдісін қолдану арқылы философиялық мәнін аштық; «Астана балет» театрының шығармашылығын зерттеген жас өнертанушылардың еңбектерін зерттеуде салыстырмалық әдісін қолдандық.

Зерттеу нәтижелері

«Астана балет» театрының «Ұлы Дала мұрасы» бағдарламасы әлемнің көптеген елдерін қазақ халқының

мәдени мұрасымен таныстырып, ұлттық өнердің мерейін сан мәрте асқақтатты. Бұл талантты, ізденуші, өз ұлтының рухани мәдениетін бойына сіңіре білген Айгүл Тати, Анвара Садыкова, Мукарам Авахри, Алмат Шәмшиев, Анна Цой шығармашылығының нәтижесі. «Ұлы Дала мұрасы» бағдарламасы Анвара Садыкованың «Желтораңғы» (кейіннен бұл би «Желтораңғы туралы аңыз» атты балет ретінде қойылып, 2020 жылдың 6-7 қараша күндері премьерасы өтті) биімен ашылды. Музыкасы Қуат Шілдебаевтыкі, солист – Айжан Мұқатова. Ертеде таңғажайып өсімдіктер пайда болады, олар бастапқыда нәзік және осал болып көрінеді. Тораңғының қуыстары мен шұңқырлары құстардың әртүрлі түрлері үшін жайлы баспанаға айналады. Құмды бархан пайда бола бастағанда, оның өмір сүруіне қауіп төндіріп, өсімдік үлкен сынақтарға тап болады. Құмды бархандардың толқындары айналадағы барлық өсімдіктерді жойды, бірақ тек тораңғы өзінің нәзіктігіне қарамастан өмір сүре алды. Құмның басып кету қаупімен күресте тораңғы күшейіп, тамыр жайды, дегенмен, өкінішке орай, үнемі құмның әсерінен шыңдарынан айырылды. Алайда оның кеңістігінде өмір сүрген ең күшті «жыртқыш» дала желі болды. Оның күшіне мойынсұнып, жел Тораңғыға салқындық пен сергектік әкелді, бұл шөл өміріне баға жетпес үлес болды. Тораңғының ұлылығы мен күшін және оның көлеңкелі қопаларын көрген адамдар оған тәнті болды, бірақ ешқашан түнде оның тәжінің астында қалмады. Шөлден шыққан Тораңғы ағашының құнды қасиеттерін білгеннен кейін, адамдар оның бұтақтарын кесуге кірісті, өйткені бұл ағаштың кептірілген ағашы берік және мәңгілік, ыдыс-аяқ пен ер-тоқым жасауға өте ыңғайлы болды. Адамдар тарапынан мұндай әрекетке тап болған Тораңғы ауыр, азапты қайғыға батып кетті. Шабушылар үйлеріне қайтқанда тораңғының астында бір ғана жігіт түнеп қалды. Тораңғы

оның түсіне кірді, жігіт түсінде біртүрлі көріністерді көрді, онда ол қара қан ағып жатқан бұтақтарды кесіп, жазықсыз қыздың қайғылы жылағанын естиді. Таңертең ол жұмысшыларға тораңғыны кесуді тоқтатып, осы несібемен кері қайтуды ұсынды, бірақ жұмысшылардың наразылығы соншалық, олар жігітті өлтіріп, ағашты кесуді жалғастырды. Бұған жауап ретінде Тораңғы тамыры жерден шығып, ұялары мен балапандарынан айырылған құстар шөп шабушыларға шабуыл жасады. Қатыгездігінен соқыр адамдар бір-бірімен күресті жалғастырды. Өзін қорғаған жас жігіттің үстінен Тораңғы жылап құстардың көз жасы Тораңғының тамырын жандандырып, оның күші мен сұлулығын қалпына келтірді. Тораңғы ұзақ жылап, түнді бұтақтарының астында өткізген жігіттің қайғысымен бөлісті. Содан бері Тораңғы түбінде түнеген адамның жүрегінде өшпес қайғы туралы аңыз қалды. Адамдар оның қорғауымен түндерін өткізуді тоқтатты. Тораңғы бұдан былай адамнан алыстап кететінін сезіп, өзінің тағдырына қайғыруды тоқтатты. Оның жеке өмірінде күші артты. Шөл саяхатшылары үшін жалғыз баспана болды. Ол құстардың әнінен күш алды, ал жел шөл даланың кеңдігіне еніп кетті. Тораңғыны қазақтар – «Желтораңғы» деп атаған. Оның сұлулығына ғашық болған жанға ол шабыт береді, күндердің күнінде сол өнер адамы болған жас жігіт – Жаратушыға мәңгілік ғұмыр берген оның тамырларының құпиясын түсінеді... «Аталған оқиға аңызға негізделгенімен бидің негізгі идеясы қазіргі қоғамдағы адам болмысындағы үлкен мәселелерді көтереді. Адамдардың қанағатсыздығы, табиғаттың жауына айналуы, өзінің табиғаттың бір бөлігі емес, құрушысы ретінде есептеуі. Аталған көрініс балетмейстердің ойы мен қиялынан нәр алып би қимылдарымен бейнеленеді. Біздің ұлттық дүниетанымымыздың ешқашан табиғатқа қарсы келмегендігін суреттейді» (Уразымбетов І)

«National choreographic eurhythmy is an aesthetic means of the recreation of the unique Kazakh culture. That is why national dances have always been in demand. The choreography by A. Tati artistically reveals the lyrical image of a Kazakh girl: she is tender and touching in the Agular dance to the music of the folklore-ethnographic ensemble Turan» (Тлеубаев 78). Аты айтып тұрғандай керемет орындаушы, шебер педагог, талантты балетмейстер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Айгүл Татидің «Арулар» биі қазақ халқының қыздарының сұлулығын, мінезін, нәзіктігін, отбасындағы қыз баласына деген ерекше құрметін көрсетеді. Бүгінгі таңда «Арулар» биі тек қана «Астана балет» театрының бет-бейнесі ғана емес, қазақ би мұрасының асыл маржанына айналып отыр. Айгүл Тати өзінің сұхбатында: «Арулар» биінің шығуына хореографиялық училищені жана бітірген сұлу да сымбатты қыздардың жан дүниесі, олардың жастық шағы және тек қана қазақ қыздарына тән мінезі шабыт берді» – дейді («Tengri úrpaуy. Айгуль Тати», Astana TV, 15.11.2019).

Қазақ қоғамындағы қазақ қыздарының бейнесі өнердің барлық саласының қауымы үшін маңызды шабыт көзі болып табылады. Олар ұсынған би қазақ әйелінің мәдениетіндегі білім беру рөлінің үлгісі ретінде қызмет етеді. Айгүл Татидің шығармашылығында бейнеленген осындай бейнелердің бірі «Әсем Қоңыр» биінде бейнеленген батырлық пен байсалдылық соның көрінісі. Атақты Дина Нұрпейісованың «Әсем Қоңыр» күйі стилінде жасалған бұл би әсемдігімен, хореографиялық әртүрлілігімен және қыздардың тарихи костюмдерімен ерекшеленеді. Олардың орындауы, ерекше ауысулары мен ұстамды қимылдары көрерменге қазақ әйелдерінің қадір-қасиеті мен өзіндік ерекшелігі туралы ой қалдырады. «Әсем Қоңыр» би қимылдары арқылы көрсетілген қазақ халқының тарихындағы әйелдіктің бірегей бейнесін ұсынады.

Хореография режиссурасы мамандығы бойынша PhD докторы А. Молдахметова: «Поэтическое выражение в режиссёрской интерпретации национальной хореографии балетмейстера А. Тати, раскрывая присущую полноту и духовность казахского народа, вызывает эмоционально-эстетическое воздействие» – деп көрсеткендей (Молдахметова 151), Айгүл Татидің қазақ биін жаңа қырынан әлемге танытқаны баршамызға мәлім.

Қазақ ұлттық хореография академиясының студенттері Ш. Жиенқұлова атындағы V Республикалық би байқауына арнап «Серілер салтанаты» биін қойған. Бұл жас балетмейстерлер Анвара Садыкова мен Алматы Шәмшиевтің қойылымы. Музыкасы «Нассак» фольклорлы-этнографиялық тобыныкі. «Астана балет» театрының премьерасынан кейін әртістерге Сал-Сері бейнесі арқылы қазақ биіндегі ер адамның би қимылдарының бай және терең лексикасын жеткізуге тырысатын ерекше биді орындау ұсынылды. Балетмейстерлер осы биді қою бойынша зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, Сал-Сері бейнесін айқын және ерекше қозғалыспен бейнелейді. Сал-Сері – қазақ елінде ерекше құрметке ие болған және көшпелі қазақ қоғамында маңызды орын алған өнер адамдары. Олар жан-жақты дарын иесі, театр өнерінің барлық аспектілеріне бейім. Соның ішінде ән айту, би, әңгімелер және айлакер қимылдарды орындау шеберлігі. Сал-Сері өздерінің би қимылдары арқылы рақымдылықты, ұлылықты және тектілікті бейнелейді. Қазақ қоғамында қыздар келген қонақтарға аттан түсуіне көмектесіп, киіз үйлерге кіруге қол ұсынып, қымыз ішкізуге Сал-Сері алдында ерекше қошемет пен ілтипат танытады. Би спектаклінде Сал-Сері бір-бірімен жарысып, қазақ мәдениетінде философиялық мәнге ие би қимылдарын

көрсететін көріністер бейнеленген. Сондай-ақ, спектакльде айтыс өнері, қазақ қыздарының Сал-Серіге деген құрметі және олардың дәстүрге деген адалдығы көрсетілген. Жалпы, «сал» және «сері» сөздері екі түрлі адамды сипаттайды. Бірақ қойылымда екі бейне бірге бейнеленеді. Қойылым қазақ ауылына сал-серілердің келуін, тойды, аламан өнер жарысын әсем қимылдармен өрнектейді. «Сал» сөзі киімді салпаңдатып, кең киюден шыққан, сал, салпаң. Әрбір салдың шалбары сондай кең, оған бір кісі толығымен сыйып кететіндей болған. «Сері» сөзі серпілуден шыққан, бой жазу, серпер, шалқыту, асқақтау. Серілер біріншіден, атақты мерген, екіншіден саятшы, сұңқармен, лашынмен, түйгынмен қызық көруші, тұлпар аттың ең жүйрігін қадірлеп баптаушы («Қазақтың сал-серілері» 11). Сал-серілер әр уақытта жарқын жүзді, майталман, әзілқойлық пен сұлулықты қатар ұстап, бір жағынан сынағыш сын көзімен қарайтын, отырған маубас басшыларды сықақпен өлтіріп, игі адамдарға жарқын пейіл білдірген. Осыған орай халық сал-серілер туралы қызықты әңгімелер туғызып, шөл даланың сайын даласына таратқан.

Жас балетмейстер Анна Цойдың «Жалынан жел ескен» қойылымы Ғ. Тұмановтың музыкасымен қазақ даласындағы мәңгілік тіршілікті көрсетеді. Желмен пайда болған дыбыс әуенге айналады. Дала әуені жылқыларды шабысқа, жылдам қозғалысқа шақырады және ол желмен бірге еседі. Сахна кеңістігінің әртүрлі бұрышынан, ысқырықтарда ойнайтын қыздар шығады, бір сәтте олар шығарған дыбыс әуенге айналады. Пластикалық тұрғыдан, би қозғалысын бастаған қыздар дала желін бейнелейді. Дала желінің әсерінен музыка пайда болады. Содан соң, табиғаттың сиқырлы дыбыстарын беретін жылқылардың табынының шабысын метафоралық түрде бейнелейтін ер адамдар пайда болады. Олар жерді

«таптап», шаңды аспанға көтеріп, шаба жөнеледі.

Жас өнертанушы, ғалым Дамир Уразымбетов «система кодирования знаками и символами применяется режиссерами... исходя из генетического, прагматического и других всевозможных опытов» — деп режиссерлардың халық өміріндегі белгілер мен таңбалардан хореографиялық ой, идея алатынына тоқталады (Уразымбетов 462). Осы бір тұжырымдаманың нақты дәлелін «Астана балет» театрының репертуарында өзіндік орны бар, ұлттық балеттің бірі Мукарам Авахридің «Жусан» балетінен көреміз. Музыкасы Қуат Шілдебаев, Арво Пярт және Сергей Рахманиновтыкі, либретто авторы — Бақыт Қайырбеков, сценограф — Ольга Шаишмелашвили. Балетмейстердің ішкі әлемінің қазақ халқының тарихымен, табиғатымен, мәдениетімен байланысы «Жусан» балетін қоюға шабыт береді. «Жусан», «Кентаврлар», «Тәңір сыйы», «Аңшылық», «Жұтатқан жұт», «Қайта туу», «Жорық» деп аталатын суреттемелерден тұратын көріністер бір-бірімен үйлесіп, ұлы даланың тұрмыс-тіршілігінен сыр шертеді.

Жусан образын беретін «Бидай боз» пластикалық қимылы «оның хош иісі дала желімен таралады» деген суреттеу арқылы дала қазағының көркемдік дүниетанымын көрсетеді (Шакенова 264). Көшпенділер әлемінің бейнесін айқындай отырып, «Мукарам Авахри қазақ халқына тән нышандар мен белгілерді пайдаланады. Қазақ халқының мәдениетінде орын алған таңбалардың бірін анықтап, ұсынған режиссерлік интерпретация Прологта көрініс табады» — деп балет сыншысы Флюра Мусина өз ойымен бөліседі (184).

Қуат Шілдебаев, Сергей Рахманинов, Арво Пярт, Карл Дженкинс сынды композиторлардың шығармаларынан құралған музыкалық компиляция хореографиялық қимылдармен ерекше үйлесім табады. Спектакль

барысында бірнеше рет кездесетін хореографияның статикалық фрагменттері балет идеясының жалпы қозғалысын толықтырады. «Жусан» балетіндегі ұлттық нақыштың жаңа қырлары мен жаңа дыбысын ашқан музыка мен поэзияның өзіндік жалғасы және көрінісіне айналды. Адамның әлеммен үйлесімін іздеу Мукарам Авахридің музыкалық және хореографиялық түсіндірмесінде айқын көрініс табады. Балетте мүлдем басқа композиторлардың музыкалық туындылары қолданылатынына қарамастан, музыканың фактуралық мәнерінің өзгеруімен бірге пластика да өзгеріп отырады. Қазақ халқының өткен тарихын көз алдыға келтіретін «Елім-ай» әнінің бейнелі-пластикалық тұрғыдан көрсетілуі эмоциялық нақышқа ие. Өзіндік үйлесім тапқан музыкалық лейтмотив өзін-өзі бағалайтын факторға айналады, ол мәңгілік дала туралы аңыздарды, қимылдардың шексіздігін және көшпелілер өмірінің аңысын керемет түрде жеткізеді.

Балет финалы Сергей Рахманиновтың екінші концертімен (екінші бөлім) жүзеге асырылды. Музыкалық шығарманың қарқынды қосылуын сәтті жүзеге асыра отырып, Авахри пластикалық дамуға ерекше мәнерлілік береді. Қазақ би элементтері көрерменнің Ұлы Дала туралы ой-толғамдарын тудыра отырып, мағыналық жүктемеге ие болады.

Жаңа, заманауи материалда жасалған Балет үлкен резонанс тудырды. «Халықтың өшпес рухы туралы, жусан өсімдігі арқылы берілген ұлы күш туралы тарихтың қайғылы әрі мұңды беттері туралы эпикалық шығарма хореографияның өзіндік және терең ұлттық көрінісі бар көрнекті балетмейстердің алғашқы ірі жұмысы болды» (Алиева 31). Спектакль премьерасы 2014 жылдың 11 желтоқсанында Қазақстанның балет өнеріндегі айтулы оқиғаға айналды.

«Современные хореографы,

ощущая дух своего времени, создают произведения, которые представляют собой лаборатории и эксперименты, основанные на синтезе культурных практик и концептуальности» (Сушков 48) деп сараптайды. Өзіндік хореографиялық қолтаңбасымен танымал қазақстандық балетмейстерлер Айгүл Тати, Мукарам Авахри, Анвара Садыкова, Алмат Шәмшиев, Анна Цой өз қойылымдары арқылы жаңа идеялар мен терең ой-толғамдарын жеткізе отырып, өзіндік философиясымен толғандыратын тақырыптарды қозғайды.

Негізгі тұжырымдар

«Астана Балет» театрының репертуарындағы ұлттық қойылымдардың философиялық мәні тақырыбы бойынша жүргізілген зерттеу нәтижесінде мынадай негізгі тұжырымдар жасауға болады:

1. Ұлттық қойылымдардың философиялық маңызы:

— «Астана Балет» театрының ұлттық қойылымдары қазақ бірегейлігінің мәдени және рухани аспектілерін көрсете отырып, терең философиялық мағынаға ие. Олар көрермендерге Қазақстанның ұлттық философиясы мен мәдени мұрасын жақсы түйсінуге және түсінуге көмектеседі. Бұл қойылымдар философиялық және мәдени құндылықтарды қазіргі қоғам үшін өзекті ете отырып, оларды би өнері арқылы сақтауға және беруге ықпал етеді.

2. Дәстүрлі және қазіргі заманғы элементтерді біріктіру:

— «Астана Балет» театрының қойылымдары қазіргі заманғы хореографиялық тәсілдермен дәстүрлі қазақ элементтерін табысты біріктіреді. Бұл үйлесім кең аудиторияны тартуда және мәдени алмасуға ықпал ететін бірегей көркем шығармалар жасауда көмектеседі. Мұндай үйлесім дәстүрді сақтап, сонымен бірге би өнеріне жаңашыл идеялар әкелуге мүмкіндік береді, бұл оның дамуы мен жаңаруына

ықпал етеді.

3. Театрдың мәдени дамудағы рөлі:

– «Астана Балет» театры

Қазақстанның мәдени дамуында маңызды рөл атқарады. Оның қойылымдары мәдени хабардарлықты арттыруға және ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді. Театр жас хореографтар мен бишілерді дамыту үшін маңызды алаң болып табылады.

4. Нәтижелердің практикалық маңыздылығы:

– Зерттеу нәтижелері ұлттық қойылымдардың мәдени мұраны сақтау үшін ғана емес, сондай-ақ олардың қазіргі заманғы контекстегі философиялық маңызы үшін де қажеттілігін көрсетеді. Олар ұлттық хореографияны одан әрі дамыту және Қазақстанның театр өнерін байыту үшін пайдаланылуы мүмкін.

– Зерттеу қазақ биі мен хореографиясының бірегейлігі мен маңызын баса көрсете отырып, олардың халықаралық деңгейде танылуына ықпал ете алады.

Сонымен, зерттеу «Астана Балет» театрының ұлттық қойылымдары терең философиялық мәнге ие екенін, мәдени құндылықтарды сақтау мен дамытуға ықпал ететінін және Қазақстанның мәдени және көркемдік дамуында маңызды рөл атқаратынына көз жеткізе түседі.

Қорытынды

Әр түрлі халықтар мен этникалық топтардың ерекше қалаулары, сенімдері және өзін-өзі көрсету тәсілдері бар. Әр ұлттың мұндай ерекшеліктері қазақ халқының да мәдени саласын байытуға өз ықпалын тигізеді. Әрбір ұлт қоғам мен мәдениеттің дамуына үлес қоса отырып, әлемдік қоғамдастықта маңызды рөл атқарады. Халықтардың алдыңғы буынынан қалған мұраның маңызы зор. Халықтардың мәдени мұрасы әлемдік мәдениетке әсер ете отырып, оны әртүрлілікпен және өнердің жаңа

түрлерімен байыта түседі. Өзінің салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, мәдени мұрасын ұқыпты сақтайтын және өз тарихын білетін елдің ғана болашағы жарқын және ары қарай да оның өркендеуіне үлес қосып, «Мәңгілік Елдің» негізі әрі тірегі бола алады. Рухани қағидаларын, құндылықтарын сақтап, дамыта алған ұлттар ғана гүлденген өмір сүре алады. Сондықтан әр мемлекеттің саясаты ұлттық құндылықтар мен халықтың жоғары мұраттары негізінде құрылады. «Астана балет» театрының репертуарында ұсынылған ұлттық би философиясын талдай отырып, халқымыздың мүддесіне негізделген би өнерінің жанданғанын көреміз. Бүгінгі таңда би өнері өткен тарихтың көрінісі ретінде ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірдің сұлулығын ашатын рухани құндылық ретінде қарастырылады. Бұл қазақ халқының дәстүрінің, әдет-ғұрыптарының және рухани мәдениетінің ізімен жазылған алыс өткеннің тереңінен шыққан шежіре сияқты.

Көптеген жылдар бойы «Астана Балет» театры қазақ халқының ұлттық бірегейлігі мен мәдени мұрасын бейнелейтін көрнекті қойылымдарымен танымал. Бұл қойылымдардың философиялық маңызы бірнеше негізгі аспектілерде көрінеді.

Біріншіден, ұлттық қойылымдар қазақ халқының мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын терең түсіну мен құрметтеудің қайнар көзі болып табылады. Хореографиялық қозғалыстар, музыкалық сүйемелдеу, костюмдер мен декорациялар қазақ мәдениетінің дәстүрлері мен түпнұсқалығын ескере отырып мұқият жасалады, бұл көрермендерге оның атмосферасына енуге және тереңдігін сезінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, «Астана Балет» театрының ұлттық қойылымдары маңызды философиялық идеялар мен құндылықтарды жеткізу алаңына айналады. Би мен музыка тілі

арқылы олар қазақ халқының рухани ұмтылыстары, даналығы мен руханилығы туралы әңгімелейді. Осы қойылымдарда қарастырылған тақырыптар даналық, әділеттілік, мейірімділік, сенім және басқа да көптеген ұғымдарды қамтыған, олар қоғамдық сана мен моральдық құндылықтарды қалыптастыру үшін маңызды.

Үшіншіден, «Астана Балет» театрының ұлттық қойылымдары ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтауға және ілгерілетуге ықпал етеді. Олар қазақ халқының бірегей мұрасын сақтауға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге және оның қазіргі заманғы контексте дамуын жалғастыруға көмектеседі.

Бұл қойылымдар қазақ мәдениеті мен әлемдік өнер арасындағы көпір ретінде қызмет етіп, әр елден келген көрермендерге қазақ мәдени мұрасының байлығы мен алуан түрлілігіне бой алдыруға мүмкіндік береді.

«Астана Балет» театрының репертуарындағы ұлттық қойылымдар өнер ғана емес, қазақ халқының руханияты мен мәдениетінің маңызды философиялық көрінісі болып табылады. Олар мәдени дәстүрлер мен құндылықтарды терең түсінуге және құрметтеуге көмектеседі, сондай-ақ әртүрлі мәдениет мен халықтар арасындағы диалог пен түсіністік негізіндегі көпір қызметін атқарады.

Қазақ халық биі қоғамның көркем мәдениетінің маңызды аспектісі болып қана қоймай, жас ұрпақтың этно-дербес

санасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Адам қай халыққа жататынына қарамастан, оның ана тілі, діні, тарихы, мәдениеті, өнері, әдет-ғұрпы мен дәстүрі оның жеке басының құнды компоненттерін құрайды. Бұл тұрғыда би өнері өзін-өзі білдірудің маңызды құралы болып табылады. Би өнері халықтың рухани өмірінің ажырамас бөлігіне айналады және қоғамның саяси-әлеуметтік, діни, философиялық және көркемдік-эстетикалық мұраттарын білдіреді. Ол адамның қоғамға және оның құндылықтарына қатынасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазақ халқының дәстүрлі өнері әр түрлі тарихи кезеңдерде мәдениеттің басқа аспектілерімен тығыз байланыста дамуда. Би мәнерлілік пен қимылға толы жанды өнер түрі. Бұл рухани, эмоционалды тереңдік пен көркемдік шеберлікті бейнелейтін ғасырлар бойы дамып келе жатқан халықтың ішкі әлемін білдіреді. Қазақ би өнері өнердің басқа түрлерімен бірлікте дамитын және халыққа пайда әкелетін құнды мұра болып саналады. «Астана балет» театрының репертуарында қазақ биі дәстүрін сақтау және оны жалғастыру бүгінгі таңда сабақтастықтың маңыздылығын көрсетеді. Режиссерлердің, хореографтардың және талантты орындаушылардың шығармашылық ізденісінің арқасында қазақ би өнерінің философиялық мәні толық көлемде ашылып, көрермендердің жүрегіне еніп, ұмытылмас әсер қалдырады.

Авторлардың үлесі:

А. Е. Кусанова – мақала тұжырымдамасын әзірлеу, «Астана Балет» театрының ұлттық қойылымдарын талдау, мақаланың зерттеу бөлігін дайындау, қойылымдардың философиялық интерпретациясын жазу, материалдарды жинақтау және талдау.

С. Ә. Бәкірова – отандық және әлемдік дереккөздермен жұмыс, әдеби шолу дайындау, мақаланың зерттеу бөлігін орындау, хореографиялық элементтерді талдау және оларды заманауи контекске біріктіру.

Вклад авторов:

А. Е. Кусанова – разработка концепции статьи, анализ национальных постановок театра «Астана Балет», подготовка исследовательской части текста, написание философской интерпретации постановок, сбор и анализ материалов.

С. Ә. Бәкірова – работа с отечественными и мировыми источниками, подготовка литературного обзора, выполнение исследовательской части текста, анализ хореографических элементов и их интеграция в современный контекст.

Authors contribution:

A. E. Kusanova – development of the article's concept, analysis of national productions of the "Astana Ballet" theater, preparation of the research part of the text, writing philosophical interpretation of the productions, collection and analysis of materials.

S. A. Bakirova – work with domestic and international sources, preparation of the literature review, conducting the research part of the text, analysis of choreographic elements and their integration into the contemporary context.

Дереккөздер тізімі

Tleubayev, Seraly. "Kazakh national culture and ceremonies as a philosophy of ethnic identity" | "La cultura y las ceremonias nacionales de kazajstán como filosofía de identidad étnica." *Opcion*, 2019, 35(90-2), pp. 67–85.

«Tengri úrpaǵy». Тати, Айгуль. YouTube, *Astana TV*, 15.11.2019, <https://youtu.be/rkucF8xb9AE13>. Қарастырылған мерзімі 12 наурыз 2024ж.

Ізім, Тойған. *Мемлекеттік Алтынай би ансамблі*. Монография. Алматы, «Өнер», 2010.

Саитова, Гульнара, и Мурзагулова, Анель. «Путь творческих исканий. Годы Становления театра «Астана балет». 175 жылдығына арналған Абай мұрасы – әлемдік мәдениет қазынасы атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның мақалалар жинағы, Нұр-Сұлтан, Қазақ ұлттық хореография академиясы, 2019. 112–118 бб.

Жумасеитова, Гульнара и др. "Казахстанский балет в ретроспективе поиска национальной самоидентификации". *Керуен*, №2, 75-том, 2022, бб. 259–271. DOI: 10.53871/2078-8134.2022.2-22

Алиева, Улькар и др. *Книга-альбом Astana-Ballet*, Алматы, ТОО «Brand Book», 2019.

Молдахметова, Алима. *Режиссёрская интерпретация казахского танца в хореографическом искусстве Казахстана конца XX-начала XXI века*. 2020, «КазНАИ им. Т. Жургенова», дис. доктор философии (PhD), Алматы. Дата доступа 20 наурыз 2024ж.

Мусина, Флюра. *Полыни горький аромат*. Книга-альбом. Алиева У., Мусина Ф., Мягкова Е. (текст). ASTANA-BALLET, Алматы, ТОО «Brand Book», 2019.

Сушков, Дмитрий. *Танец. Поиск. Достижения: 20 лет факультету «Хореография»*. Алматы: Goodprint, 2014.

Уразымбетов, Дамир. Балет «Легенда о Туранге»: стойкость природы или человека? *Qazaq Ballet* – интернет-журнал о хореографическом искусстве Казахстана. Дата публикации: 22.11.2020. URL: https://qazaqballet.kz/main_articles/balet-legenda-o-turange-stojkost-prirody-ili-cheloveka/. Дата доступа 16 марта 2024.

Уразымбетов, Дамир. «К вопросу о понятиях пластических кодов «исполнитель» и «сценография»». Материалы международной научно-практической конференции *Вопросы искусствоведения XX – начала XXI в.* Алматы, КазНАИ им. Т. Жургенова, 2016. с. 112–124.

Халықов, Қабыл. *Қазіргі заман өнеріндегі адам болмысы*. Монография, Алматы, 2009.

Розанова, Ольга. ««Петербургский сезон» казахского балета (Астана)». *Хореографическое искусство XXI века: теория, практика и перспективы развития: материалы международной научно-практической конференции*. 24–2014, Казахская национальная академия искусств им. Т. Жургенова, Алматы, 28 ноября 2014, стр.18–23. <https://kaznai.kz/wp-content/uploads/2021/09/%D0%A4%D0%A5.-2014-1.pdf> Дата доступа 18 марта 2024.

Шакенова, Эльвира. «Художественное освоение мира. В кн. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством». Алматы, Гылым, 1993.

Қорабай, Серікқазы. Қазақтың сал-серілері. Танымдық жинақ. Алматы, Айғаным баспа үйі, 2017.

References

Tleubayev, Seraly. "Kazakh national culture and ceremonies as a philosophy of ethnic identity" | "La cultura y las ceremonias nacionales de kazajstán como filosofía de identidad étnica." *Opcion*, 2019, 35(90-2), pp. 67–85.

"Tengri ýrpagý. Tati, Aygul" ["Generation of Tengri. Aygul Tati.] *YouTube*, uploaded by Astana TV, 15 November, 2019. <https://youtu.be/rkucF8xb9AE>. Accessed 12 March 2024. (In Kazakh)

Ilizim, Toyған. *Memlekettik Alтынay bi ansambli [State Alтынay Dance Ensemble.]* Monograf, Almaty, «Өнер», 2010. (In Kazakh)

Saitova, Gulnara, and Murzagulova, Anel. «Put' tvorcheskikh iskanij. Gody stanovleniya teatra «Astana Balet»» ["The Path of Creative Search. The Formative Years of the "Astana Ballet" Theater"]. International Scientific and Practical Conference *Heritage of Abay - a Treasure of World Culture*, dedicated to the 175th anniversary of Abay Kunanbaev, November 21, 2019. Nur-Sultan, Kazakh National Academy of Choreography, 2019, pp. 112–118. (In Russian)

Zhumaseitova, Gulnara, et al. «Kazakhstanskiy balet v retrospektive poiska natsionalnoy samoidentifikatsii» ["Kazakh Ballet in Retrospective Search for National Self-Identification."] *Keruen*, no. 2, 75, 2022, pp. 259–271. DOI: 10.53871/2078-8134.2022.2-22. (In Russian)

Aliyeva, Ulkar, et al. *Kniga-albom Astana-Ballet [Astana-Ballet Album Book.]* Almaty, TOO «Brand Book», 2019. (In Russian)

Moldakhmetova, Alima. *Rezhisserskaya interpretatsiya kazakhskogo tantsa v khoreograficheskom iskusstve Kazakhstana kontsa XX – nachala XXI veka [Director's Interpretation of Kazakh Dance in the Choreographic Art of Kazakhstan at the End of the 20th - Beginning of the 21st Century.]* Dissertation Thesis, PhD. Almaty, T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, 2020. (In Russian)

Musina, Flyura. *Polyni gorkiy aromat. Kniga-albom. ASTANA-BALLET [Bitter Aroma of Wormwood. Book–Album. Astana Ballet.]* Almaty, TOO "Brand Book", 2019. (In Russian)

Sushkov, Dmitriy. *Tanets. Poisk. Dostizheniya: 20 let fakultetu «Khoreografiya» [Dance. Search. Achievements: 20 Years of the Faculty of "Choreography"]*. Almaty, Goodprint, 2014. (In Russian)

Urazymbetov, Damir. Balet «Legenda o Turange»: stoykost prirody ili cheloveka? [Ballet "Legend of Turanga": Endurance of Nature or Man?] *Qazaq Ballet* – internet-journal about Choreography Art of Kazakhstan. URL: https://qazaqballet.kz/main_articles/balet-legenda-o-turange-stoykost-prirody-ili-cheloveka/. Published 22 November, 2020. (In Russian)

Urazymbetov, Damir. «K voprosu o ponyatnykh plasticheskikh kodov «ispolnitel» i «stsenografiya»» ["On the Concepts of Flexibility Codes "Performer" and "Scenography."]. Proceedings of the International Scientific and Practical Conference *Issues of Art Studies of the 20th - Beginning of the 21st Century*. Almaty, T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, 2016, pp. 112–114. (In Russian)

Khalıqov, Qabył. *Qazirgi zaman ónerindegi adam bolmysy [Human Nature in Contemporary Art]*. Monograf, Almaty, 2009. (In Kazakh)

Rozanova, Olga. «Peterburgskiy sezon» kazakhskogo baleta (Astana) [«Petersburg Season» of Kazakh Ballet (Astana)]. *Choreographic Art of the 21st Century: Theory, Practice, and Development Prospects*: Proceedings of the International Scientific and Practical Conference, 24–28 November 2014, Kazakh National Academy of Arts named after T.K. Zhurgenov, Almaty, 2014, pp. 18–23. <https://kaznai.kz/wp-content/uploads/2021/09/%D0%A4%D0%A5.-2014-1.pdf>. Accessed 18 March 2024. (In Russian)

Shakenova, Elvira. «Khudozhestvennoye osvoyeniye mira» [Artistic Mastery of the World.] In the Book Nomads. *Aesthetics: Understanding the World through Traditional Kazakh Art*. Almaty, Gylym, 1993. pp. 264. (In Russian)

Qorabay, Serikqazy. *Qazaqtyn sal-serileri [Kazakh Sal-Seri's]*. Cognitive Collection. Almaty, Ayganym Publishing House, 2017. (In Kazakh)

Кусанова Анипа

Казахский национальный женский педагогический университет
(Алматы, Казахстан)

Бәкірова Самал

Казахский национальный женский педагогический университет
(Алматы, Казахстан)

ФИЛОСОФСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ПОСТАНОВОК В РЕПЕРТУАРЕ ТЕАТРА «АСТАНА БАЛЕТ»

Аннотация. Исследование фокусируется на значимости национальных спектаклей театра “Астана Балет” в контексте развития хореографического искусства в Казахстане. Цель исследования заключается в анализе содержания этих постановок и сравнительном исследовании творчества отечественных хореографов. Методы: Для достижения поставленной цели используется метод анализа научных статей и видеозаписей, связанных с историей и развитием Театра “Астана Балет”. Кроме того, предполагается изучение и анализ новых интерпретаций национального репертуара театра. Анализ нескольких постановок раскрывает их философское значение и определяет их ценность. Результаты и обсуждение: Исследование выявляет, что творчество молодых хореографов включает в себя рациональные хореографические концепции, уникальные танцевальные движения и современные подходы, которые вновь оживляют казахскую культуру и национальную философию. Оригинальные постановки коллектива театра “Астана Балет” дополняют это движение, придавая новое направление национальному хореографическому искусству и открывая новые перспективы в истории искусства. Результаты исследования подчеркивают значимость национальной культуры и казахского танца в хореографическом искусстве, а также роль театра “Астана Балет” в сохранении и развитии этого искусства. Полученные выводы могут стать основой для дальнейшего развития национальной хореографии и обогащения театрального искусства Казахстана, а также способствовать глубокому пониманию и уважению культурного наследия региона. Исследование подчеркивает не только творческую силу национального хореографического искусства, но и его важную роль в сохранении и продвижении культурных ценностей Казахстана, а также способность творчества объединять и вдохновлять национальные и мировые аудитории. Результаты исследования могут быть полезны международной аудитории, способствуя распространению информации о значении казахского танца и хореографии.

Ключевые слова: театр «Астана балет», национальная культура, казахский танец, хореография, балетмейстер, театр, философия танца.

Для цитирования: Кусанова, Анипа, және Бәкірова Самал. Философское значение национальных постановок в репертуаре театра «Астана Балет». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 9, № 2, 2024, с. 36–52. DOI: 10.47940/cajas.v9i2.876

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Kusanova Anipa

Kazakh National Women's Pedagogical University
(Kazakhstan, Almaty)

Bakirova Samal

Kazakh National Women's Pedagogical University
(Kazakhstan, Almaty)

PHILOSOPHICAL SIGNIFICANCE OF NATIONAL PRODUCTIONS IN THE REPERTOIRE OF THE «ASTANA BALLET» THEATER

Abstract. The study focuses on the significance of the national productions of the “Astana Ballet” theater in the context of the development of choreographic art in Kazakhstan. The aim of the research is to analyze the content of these productions and conduct a comparative study of the work of domestic choreographers. Methods: To achieve the stated goal, the method of analyzing scientific articles and video recordings related to the history and development of the “Astana Ballet” Theater is used. In addition, it is intended to study and analyze new interpretations of the national repertoire of the theater. Analysis of several productions reveals their philosophical significance and determines their value. Results and Discussion: The study reveals that the creativity of young choreographers includes rational choreographic concepts, unique dance movements, and modern approaches that revive Kazakh culture and national philosophy. The original productions of the “Astana Ballet” collective complement this movement, giving a new direction to national choreographic art and opening up new perspectives in the history of art. The results of the study emphasize the importance of national culture and Kazakh dance in choreographic art, as well as the role of the “Astana Ballet” theater in preserving and developing this art. The conclusions drawn may serve as a basis for further development of national choreography and enrichment of the theatrical art of Kazakhstan, as well as contribute to a deeper understanding and respect for the cultural heritage of the region. The study highlights not only the creative power of national choreographic art but also its important role in preserving and promoting the cultural values of Kazakhstan, as well as the ability of creativity to unite and inspire national and global audiences. The results of the study can be useful to an international audience, contributing to the dissemination of information about the meaning of Kazakh dance and choreography.

Keywords: Astana Ballet theater, national culture, Kazakh dance, choreography, ballet master, theater, philosophy of dance.

Cite: Kusanova, Anipa, and Bakirova Samal. “Philosophical significance of national productions in the repertoire of the “Astana Ballet” Theater.” *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 9, no. 2, 2024, pp. 36–52. DOI: 10.47940/cajas.v9i2.876

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Авторлар туралы мәлімет:**Сведения об авторах:****Information about the authors:**

Қусанова Анипа Ерланқызы
– доктор PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы
(Алматы, Қазақстан)

Қусанова Анипа Ерланқызы
– доктор PhD, старший преподаватель Казахского национального женского педагогического университета
(Алматы, Қазақстан)

Kusanova Anipa Erlankyzy
– PhD, senior lecturer of the Kazakh national women’s teacher training university
(Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0001-7353-5215
E-mail: a.kussanova@gmail.com

Бәкірова Самал Әбілпатташқызы – PhD докторы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры
(Алматы, Қазақстан)

Бәкірова Самал Әбілпатташқызы – доктор PhD, ассоциированный профессор Казахского национального женского педагогического университета
(Алматы, Қазақстан)

Bakirova Samal Abilppatashkyzy
– PhD, Associate Professor of the Kazakh National Women’s Pedagogical University
(Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-7862-3238
E-mail: samikosh_92@mail.ru